

Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымының және жергілікті атқарушы органдарының штат саны лимиттерінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 желтоқсандағы N 1294 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) *Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.23 N 1654 Қаулысымен*

2) "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1324 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 49, 627-құжат):

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Барлығы, штат саны* (бірлік)" деген бағанда:

"Ақмола" деген жолдағы "3544" деген сандар "3628" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Ақтөбе" деген жолдағы "2665" деген сандар "2727" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Алматы" деген жолдағы "4171" деген сандар "4252" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Атырау" деген жолдағы "1720" деген сандар "1758" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Шығыс Қазақстан" деген жолдағы "4481" деген сандар "4559" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Жамбыл" деген жолдағы "3014" деген сандар "3071" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Батыс Қазақстан" деген жолдағы "2586" деген сандар "2649" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қарағанды" деген жолдағы "3874" деген сандар "3938" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қостанай" деген жолдағы "3811" деген сандар "3900" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Қызылорда" деген жолдағы "2035" деген сандар "2078" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

"Маңғыстау" деген жолдағы "1162" деген сандар "1223" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Павлодар" деген жолдағы "3179" деген сандар "3236" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Солтүстік Қазақстан" деген жолдағы "2998" деген сандар "3066" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Оңтүстік Қазақстан" деген жолдағы "4456" деген сандар "4539" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Алматы қаласы" деген жолдағы "1777" деген сандар "1789" деген сандармен ауыстырылсын ;

"Астана қаласы" деген жолдағы "996" деген сандар "1011" деген сандармен ауыстырылсын ;

"ЖИЫНЫ:" деген жолдағы "46469" деген сандар "47424" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) өз кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін;

2) оларға Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің, Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдардың тиісті бөлімшелеріне ауыстыруды қамтамасыз ету ұсынылсын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Орталық мемлекеттік органдар:

1) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне үлгі құрылымға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, сондай-ақ мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратып, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісілген департаменттерінің (басқармалардың, бөлімдердің) ұсынылатын құрылымын жіберсін;

2) тиісті құжаттамалық, ақпараттық, материалдық-техникалық базаның аумақтық бөлімшелерден жергілікті атқарушы органдарға берілуін қамтамасыз етсін;

3) мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажыратуды ескере отырып, жергілікті атқарушы органдармен әкімдіктердің құрылатын немесе қайта ұйымдастырылатын құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын ұйымдастыру жөнінде тиісті түсіндіру жұмысын жүргізсін;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК